

**Ә. Әлімжановтың «Махамбеттің  
жебесі» романындағы Махамбет бейнесі**

## Жоспар

1.Кіріспе: Махамбет Өтемісұлының өмірбаяны

2.Негізгі: Махамбет Өтемісұлы бейнесі

«Махамбеттің жебесі» романы туралы мәлімет

Қорытынды: Махамбет батырдың ерлігі дәріптеу

Махамбет Өтемісұлы (1804 ж., Ішкі Бөкей Ордасы, қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданының Нарын құмының Жасқұс деген жері. — 1846 ж. 20 қазан, Қараой өңірі, қазіргі Атырау облысының Индер ауданы) — қазақтың әйгілі жырауы, күйші композиторы, отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілісті (1836-1837) ұйымдастырушылардың бірі, осы көтерілістің жалынды жыршысы. Ол Қазақ хандығының соңғы жырауы деп тануға болады.

Байұлы ішіндегі Беріш руының Жайық бұтағынан. Нәдір деген кісіден Мәлі (кейбір деректе Құлмәлі, Құлманияз деп айтылады) туады. Мәлінің қазақ әйелінен Өтеміс пен Шыбынтай, қалмақ әйелінен Қобылай туған. Өтемістен - он ұл, Шыбынтайдан - төрт ұл, Қобылайдан - үш ұл туып, Мәлі ұлдың өзінен он жеті немере сүйген адам. Бұл әулет Тайсойған құмындағы іргелі ауылдардың бірі. Атасы Құлмәлі, әкесі Өтеміс те өз заманында айтулы тұлғалар болған, Құлмәлінің тұқымынан би де, шешен де шыққан.



# Махамбет Өтемісұлы бейнесі

---

Даланың батыры – сайыпкерлері бір мезгілде әрі өлең құрастырушы, әрі поэтикалық жыршы да бола білген. Халық осы сарбаздарды, ақындарды, композиторларды, ойшылдарды жақсы көрді, кездесуге құштар болып, оларды моральдық жағынан демеп, қошемет көрсетіп отырды. Осы дәстүрді жалғастыра отырып Махамбет толығымен дала серісінің үлгісіне әрі идеалына сәйкес келді, ол тек сарбаз – ақын ғана емес, өз шығармаларын орындаушы музыкант – композитор да болды. Өзінің алдындағы поэтикалық дәстүр сабақтастығымен бірге, Махамбет музыкасының ғұмыр кешкен дәуірге әрі өзінің жеке басына байланысты қайталанбас та жеке – дара ерекшеліктері бар.

# «Махамбеттің жебесі» романы

- «Махамбеттің жебесі» – көтеріліс жайлы, халық батырлары Исатай мен Махамбет жайлы роман. Елін зұлымдық пен зорлыққа қарсы бітіспес белдесуге бастай білген де солар. Бұқара қозғалысы сәтті аяқталмағанмен, қалың жұртты қасірет бұлты торлағанмен, бұл сияқты әрбір қимыл – азат өмірге қарай жасаған батыл қадам есебінде арқашан қымбат. «Махамбеттің жебесі» романында Әнуар Әлімжанов қазақ халқының тарихындағы айрықша әлеуметтік мәні бар оқиғаларды бейнелеген: сол себепті де өміріндегі осына ірі құбылыс жер шалғайлығына қарамастан басқа ұлт өкілдерінің тағдырына да ықпал етеді (Хиуа, Петербург, Орынбор, Нарынқұм). Көтеріліс әдепкіде шағын сипатта еді. Қазақ кедейлерінің Бөкей ордасындағы қанқұйлы езгімен бетпе-бет тартысты. Бірақ жазушы бұл тартыстың тамыры терең, әрі зор көлемге ұлғайып кеткенін сенімді көрсетеді. Жергілікті қақтығыс сахарадағы антагонистік таптар арасындағы қоғамдық мәні зор тартыс дәрежесіне **дейін өседі**. Роман – бас кейіпкерледің қайғылы өлімін суреттеумен аяқталады. Бірақ, жазушы үшін қаһарманның өмірі асқақ мұраттары маңызды. Өйткені сол бір ермінез **азаматтарды** басын оққа байлап, қатерлі күрес жолына түсуге шақырған өміршең өршіл мұраттардың алау жалыны текке кеткен жоқ. Гуманизм, патриотизм, интернационализм – адамына етене тән қасиеттер. Бұл қасиеттер қазіргі жағдайда өзгеше жаңа сипат алғандықтан да Ә.Әлімжанов өткен дәуір туралы сөз ете отырып, ол қасиеттердің, ең алдымен, **өміршеңдік күшін** көрсетуге тырысады. **Әлеуметтік тұрғыдан теңсіз қоғамдағы өз орны туралы тұңғыш рет ой толғаған жас ақын жанындағы телегей толқыныс сәттерін Ә. Әлімжанов нанымды көрсете білген. Халқының қасіретін сергек жүрегімен егіле сезінетін ақынның ояну, түлеу шақтары нағыз өмір шындығымен бетпе-бет келіп көз жеткізгенде басталды. Автор осы бір психологиялық нюансқа ерекше көңіл бөледі.**

# Махамбет Өтемісұлының ерлігі

- Махамбет Өтемісұлы-өз ерлігімен елді тәнті ете білген батыл, қайсар жан. Өзінің әділдігімен, шыншылдығымен елдің мұның мұндап, жоғын жоқтаған азамат. Өз басының амандығын, ел амандығынан төмен қойды. Елінің азат болуына көп күш жұмсады және халық үшін жасаған игі істерінің арқасында бізге үлгі бола білді. Махамбет ең алдымен өмірде кешкен ірі-ірі оқиға, іс-қылығымен тартымды. Сондықтан да Ә.Әлімжанов кейіпкерінің тарихи қайраткерлікпен көп қырлы, өрісі кең байланысын “кең көлемде” алуға тырысады. Қаламгердің ақыл-ой, адамгершілік күш-жігерін тарихи мәні мейлінше толық әрі анық көрінетін жағдайларға бағыттап жұмылдыра білген азамат ақынды бейнелеуге ұмтылуы да осыдан.

Әнуар  
ӘЛІМЖАНОВ

Махамбеттің жебесі





Назарларыңызға рахмет!

